

«Маған айтышы - мен ұмытып қаламын,  
Маған көрсетші-менің есімде қалады,  
Өзіме істетші- мен сонда түсінемін»

Конфуций

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу - тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен **«XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры»** деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми - техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық **ақпараттық - коммуникативтік технологиялар** педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. **«Білім берудегі ақпараттық - коммуникативтік технологиялар»** ұғымы **«оқытудың жаңа инновациялық технологиялары»**, «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т. б. , тіркестермен тығыз байланысты

Қазіргі кезеңдерде **негізгі мәселелердің бірі** – оқыту процесін де білім, тәрбие берудің пәрменділігін, білімнің тәрбиелік, тәрбиенің білімдік мәнін жоғары дәрежеге жеткізу болып табылады. Білім берудің кез келген саласында электронды оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Әлі де білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электронды оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Оқушы өзін қоршаған ортаны барлық сезім мүшелері арқылы танып, біледі, алайда олардың қабылдауы әртүрлі. Ақпараттарды қабылдаудың негізгі арналары: есту, көру және сезу болып табылады. Өзін қоршаған ортадан қабылдайтын мәліметтердің 90 пайызын көру жүйесі арқылы, 9 пайызын есту жүйесі арқылы, тек 1 пайызын сезім мүшелерінің көмегімен қабылдайды. Көру жүйесі – есте сақтаудың түрлері ішінде жетік, үздік дамығаны. Педагог – психологтардың зерттеулері бойынша берілетін білім оқушының ішкі мұқтажымен сәйкес келмесе, онда оқу процесінде қиындық туындайды. Тәжірибе тұрғысынан информатика пәнін алатын болсақ, компьютермен жұмыс істеу кезінде жаңа ұғымдармен таныс болмауынан және техника құралын бірінші рет пайдаланып отырғандықтан, оның мүмкіншілігі мен қажеттілігін білмеуі салдарынан оқушылардың өздеріне деген сенімсіздігі туады.

Қазіргі кезде мектепте жас ұрпақ тәрбиесі, оның жеке тұлғасының жаңаша қалыптасуы, әлеуметтік дүниеге көзқарасы, жалпы болмысы, ең алдымен

мұғалімге байланысты. Қазіргі заман мұғалімінен өз пәнінің терең білгірі болуымен қатар, тарихи танымдық, педагогикалық – психологиялық, саяси экономикалық, білімділік және **ақпараттық сауаттылық талап етілуде**. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу-тәрбие ісіне еніп, оқытудың **жаңа технологиясын** шебер меңгерген жан болғанда ғана, білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Оқушы білімінің сапалы болуы бір жағынан мұғалімнің сабақ беру шеберлігі мен **жаңа технологияны** тиімді пайдалана білуіне байланысты болса, екінші жағынан мектептің техникалық материалдық базасының жабдықталуы да әсер етеді. Оқушының мектепте алған білімді тек игеріп қана қоюы жеткіліксіз, оны жетік меңгеру арқылы болашақ өмірінде өз қажеттілігіне жарата білуі керек.

Бүгінгі күннің басты ерекшелігі оқу процесінде жетілдіру жолында ең озық әдіс-темелер іздестіріліп, оқу орындары әртүрлі оқу бағдарламамен жұмыс істеуде. **Солардың ішінде оқушы үшін электронды оқулықты пайдалану арқылы:**

- оқу материалдары туралы оқушыларға дәл және толық ақпарат беру арқылы оқыту сапасын арттырады.
- оқытудың көрнектілігін арттырып, оқу материалын саналы игеруге жеткізеді;
- абстрактылы оқу материалдарын нақтылыққа жеткізіп, оқытудың тиімділігін жетілдіреді;
- оқу материалының маңызын арттырып, *уақыттан ұтып, есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге* қол жеткізеді. Есте сақтаудың әсер алу, *қайталау ассоциация арқылы* оқу материалдарын терең игеруге жеткізеді;
- мұғалім мен оқушы еңбектерін жеңілдетіп, пікір алысып, байланыстарын арттырады.

Қазіргі таңда дайындалған электронды оқулықтарда мынадай жағдайларды ескеру керек:

- белгілі бір пәнге байланысты дайындалған электронды оқулықтың сол пәннің типтік бағдарламасына сәйкес болуын, тақырыпқа қатысты нақты әрі қысқа берілуін ескеру керек;
- электрондық оқулықтар оқытылатын тараулар мен тақырыптарға қатысты дәріс конспектісін қамтитын негізгі материалдар;
- зертханалық және тәжірибелік тапсырмаларды орындауға арналған қосымша материалдар;
- аралық және қорытынды бақылау сұрақтарынан тұратын тест;
- материалды дайындауда пайдаланылған әдебиеттер тізімдері қамтылуы керек.

Мен өз сабағымда электронды оқулықтарды пайдаланып өткіземін.

**Бұның тиімді жағзы көп:** сабаққа қажетті материалдар, кестелер мен сызбалар, анимациялық көріністер, оқушыларды машықтандыру (практикалық және тәжірибелік) фильмдері, анықтама сөздік, оқушы білімін бекітетін дидактикалық материалдар бар. Әр тараудағы тест сұрақтары, әр тапсырманың өзіндік жұмыстары (есептер, диктант) оқушы білімін бақылауда және оқушының өз бетінше ізденісін туғызуда көмегі зор.

**Менің түйінді мақсаттарым:**

- жаңаша оқыту технологиясы негізінде интерактивті тақтаны пайдаланып оқушыларға интернет жүйесінде жұмыс істеуді үйрету;
- ақпараттарды сабақта қолдануды меңгерту;
- электронды оқулықтарды пайдалану;
- тестік бақылауды жетілдіру;
- компьютерде жұмыс істеуді дамыту.

*Академик Б.С. Грушинский айтқандай:* «Білімді ақпараттандырудың психопедагогикалық саласы іс жүзінде қолдануға және компьютерлендіру мен білім саласының ақпараттандырудың тұтас идеологиясының, әлеуметтік әдістемелік және ғылыми аспектілерінің практикалық – бағдарлық технологиясын толықтырып отыруы тиіс».

Информатика пәнін оқытудың тиімділігін арттырудың жолдары өте көп. Соның бір жолы ретінде оқытудың жаңа технологиясын енгізуді атап өтуге болады. Осыған байланысты **«Жаңа технологияларға негізделіп жасалған электронды оқулық»** атты 7 - сыныптың информатика пәніне арналған электронды оқулықпен жұмыс істеу барысында, профессор **Ж.Қараевтың «Деңгейлеп оқыту технологиясын»**, **В.Ф.Шаталовтың «Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясын»** ақпараттық коммуникативті технологиямен ұштастырдым.

«Информатика және есептеуіш техника негіздері» пән ретінде қалыптасқан ғылымның бір саласы. Ұсынылып отырған 7- сыныптарға арналған **«Жаңа технологияларға негізделіп жасалған электронды оқулық»** атты электронды оқулық, келесі тарауларды қамтиды:

- 1- **тарау. Ақпаратты өлшеу және компьютер жады**
- 2- **тарау. Жүйелер және қауіпсіздік**
- 3- **тарау. Тапсырмаларды электронды кестелердің көмегімен шешу**
- 4- **тарау. Шешімдерді бағдарламалау**
- 5- **тарау. Нысандар мен оқиғаларды модельдеу.**

Әр бөлімде өзіне байланысты тақырыптары бар. Тақырыптарға қосымша

- **жаңа сабаққа тірек сызба арқылы түсініктеме;**
- **деңгейлік тапсырмалар;**
- **тарау бойынша тест жұмысы** ұсынылған.

Электрондық оқулықта Жаңа сабаққа түсініктеме бөлімінде оқушыларға, пән мұғаліміне көмек ретінде **В.Ф.Шаталовтың «Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясына»** негіздеп, тірек схема-конспектiлер түрінде ұсындым. Осы әдістің ерекшелігі мынадай:

- *үнемі қайталау;*
- *ірі блокпен оқыту, тіректі қолдану;*
- *жеке бағдарлы қарым-қатынас, ықпал;*
- *еркімен оқыту;*
- *әр оқушының табысының жариялылығын түзетуге, өсуге, табысқа жетуге жағдай жасау;*
- *оқыту мен тәрбиелеуді біріктіру.*

Деңгейлік тапсырмалар бөлімінде оқушылардың үлгерім деңгейі ескеріле келе, 3 деңгейден тұратын тапсырмалар ұсынылған. Бірінші деңгей – үлгерімі

нашар оқушыларға, екінші деңгей – екпінді оқушыларға, үшінші деңгей – озат оқушыларға арналған профессор **Ж.Қараевтың «Деңгейлеп оқыту технологиясына»** сүйендім. Оқушыларының өз бетімен білім алуға белсенділігіне баса назар аудардым. Оның жұмыс жүйесі оқушылардың өз бетінше танымдық қызметін белсенділікке, жеке тұлға ретінде дамуға, іскерлік пән дағдыларын қалыптастыруға, алған теориялық білімдерін практика жүзінде пайдалана білуге жетелейді.

Сонымен қатар әр бөлімді қорытындылау үшін, қазіргі оқыту үрдісінде өте жиі кездесетін тест түрлері «ашық тест» немесе **таңдамалы** тест түрін ұсындым. Қорытынды тест сол бөлімдегі тақырыптарды қамтиды. Бұл тестті орындағанда кездейсоқтыққа жол бермеу үшін, оқушылар орындап болғаннан кейін қатемен жұмыс істеу барысында дұрыс жауабын ғана айтпай, барлық жауабын талдаймыз. Тарау бойынша тест **MyTest бағдарламасында** жасалынған.

Электронды оқулықтың нәтижелілігі мынады:

- тез арада қайтарма байланыс болуын қамтамасыз етеді (интерактивті қасиет);
- қажетті ақпараттық материалды жылдам тауып алуға мүмкіндік береді; әрбір жеке тұлғаның білім, білік іскерлігін әрбір тараулар бойынша, тексеруге, бағалауға мүмкіндік береді.

*Информатикадан оқушы үшін электронды оқулықты қолдану тиімді.* **Электронды оқулықты қолдана отырып оқушылар төмендегідей жұмыс жасауға мүмкіншілігі болады:**

- *Өтілетін материалдарды дұрыс әрі жеңіл түрде түсінуге;*
- *Оқушының өздігімен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін - өзі тексеруге;*
- *Жұмысты тиянақты түрде орындап, мұғалімге файл түрінде тапсыруға;*
- *Түсінбеген тақырыптарды шексіз қайталауға;*
- *Оқулықты сабақтарда қолданып, оқушының өз деңгейінде тапсырмаларды таңдауға;*
- *Қажетті материалдарды жылдам іздеп табуға мүмкіндік туғызады.*

Ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланып жасалынған электронды баспа оқулығын пайдалану арқылы мұғалімдер мен оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алады. Әсіресе аталған электронды оқулықты пайдалану **оқушылардың сабаққа деген ынтасын жоғарылатып**, өздігінен мұғалімнің нұсқауынсыз тақырыптарды игеруіне және зертханалық жұмыстарға алдын ала дайындалуларына мүмкіндік туғызады. **Электронды оқулықты қолдану барысында** графикалық безендірулер және сұқбат терезесі түрінде **пайдаланушы интерфейсі** оқушыларды бұл кітапты пайдалануға деген қызығушылығын арттырады.

*Электронды оқулықты қолдану саласы өте кең:*

- электронды – оқыту жүйесі қашықтан оқыту үшін;
- өздігімен ізденіс барысында жалпы білімге деген талпыныс бар оқушыларға өте тиімді. Қазіргі заман талабына сай мүмкіндігі көп дербес компьютерлерді өңдей отырып, тарау бойынша оқушылардың дағдыларды қалыптастыру, білім бақылау жұмыстарын бағалауға мүмкіндік береді. Осы арқылы компьютерлік

технологияның дамуының тереңдетілуі білім сапасын жоғарылата отырып, мұғалімнің жұмысын жеңілдететүседі



### Электронды оқулықты пайдалану арқылы:


- сабақта техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі;
- мұғалімнің ақпараттық – коммуникациялық технологияны меңгеруі;
- оқушының пәнге қызығушылығы;
- алынған білім, дағды деңгейі;
- білімнің тереңдігі;
- тексеру түрлері, бағалау;
- практикалық дағдыларды игеру мүмкіндігі артады.

Қорыта келгенде электронды оқулықты қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығының күрт артқандығы байқалады. Мұғалімдер де өздеріне қажетті әдістемелік, дидактикалық көмекші құралдарды молынан ала алады. Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде электронды оқулықтарды сабаққа пайдалану – оқытудың жаңа технологиясының бір түрі


ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар электронды материалдарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен практикалық тапсырмалар орындайды. әрбір оқушы таңдалған тақырып бойынша қажетті материалдармен танысып, кестелер және сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға бормен жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі түсінікті. Меңгерілуі қиын тақырыптарды компьютердің көмегімен түсіндірсе жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп ойлаймын.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1) *«Информатика» 7-сынып оқулық, Р.А.Қадырқұлов, А.Д.Рысқұлбекова – «Алматыкітап» 2017ж.*
- 2) [www.infust.kz](http://www.infust.kz)
- 3) [www.infourok.ru](http://www.infourok.ru)
- 4) [www.bilimdiler.kz](http://www.bilimdiler.kz)
- 5) [www.bilim.idhost.kz](http://www.bilim.idhost.kz)
- 6) [www.45minut.kz](http://www.45minut.kz)
- 7) [www.ustaz.kz](http://www.ustaz.kz)





### 1. Басты бет





Тараулар:  
Тараулар:

-  [Ақпаратты өлшеу және компьютер жады](#) 
-  [Жүйелер және қауіпсіздік](#) 
-  [Тапсырмаларды электронды](#) 
-  [Шешімдерді бағдарламау](#) 
-  [Нысандар мен оқиғаларды модельдеу](#) 

### 2. Тараулар бөлімі





### 3. Тақырыптар бөлімі



### 4. Тақырып бойынша негізгі кезең



## Тәжірибе



В деңгей.mtx - MyTestStudent [MyTestXPro] НЕЗАРЕГИСТРИРОВАННАЯ ВЕРСИЯ

Файл Тест Настройка ?

Вопрос # 1 из 2:

3 Гигабайт гец:

DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO

Выберите несколько из 5 вариантов ответа:

1 3072 Кбайт

2 3072 Мбайт

3 3145728 Кбайт

4 3145728 байт

5 3145728 Мбайт

Дальше (проверить)...

Тест идет 2 00:00:04 00:00:04 1 б. Аягыры Ана (4)

В деңгей.mtx - MyTestStudent [MyTestXPro] НЕЗАРЕГИСТРИРОВАННАЯ ВЕРСИЯ

Файл Тест Настройка ?

Вопрос # 2 из 2:

Акпараттын өлшем бірліктерін өсу ретімен орналастыр:

DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO  
DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO DEMO

Укажите порядок следования всех 7 вариантов ответа:

бит

байт

Кб

Мб




Гб



Тб

Пб

Дальше (проверить)...

Тест идет 1/2 00:00:24 00:00:06 1 б. Аягыры Ана (4)







Корытынды тест - MyTestStudent [MyTestXPro] НЕЗАРЕГИСТРИРОВАННАЯ ВЕРСИЯ

Файл Тест Настройка ?

Вопрос # 5 из 5:

Байланыс арналарынын акпарат жеткизу жылдамдыгынын олшем бирлиги калай аталады?

Выберите один из 4 вариантов ответа:

1 Бод

2 Бит

3 Байт

4 Бад

✓ Далее (проверить)...

Тест идет 4/5 00:02:00 00:00:05 1 б. Тастанбекова Анель (7)

Результаты тестирования (Тастанбекова Анель 7)

Вопросы:

Всего заданий в тесте: 5

Всего заданий задано: 5

Из них правильно: 5

Результативность: 100,0%.

Баллы:

Набрано баллов: 5 из 5 возможных.

Ваш результат: 100,0%.

**Ваша оценка: 5**

✓ ОК